



Мерекелік концертті тамашалады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған «Қастерлі Отан – Қазақстан» атты мерекелік концертке барды.

Елордадағы «Астана Опера» театрында өткен салтанатты кеште елімізге танымал мәдениет қайраткерлері мен түрлі шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті.



Бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында білім, денсаулық сақтау, мәдениет пен ғылым қайраткерлері, өндіріс, бизнес салаларының көрнекті өкілдері, депутаттар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар мен еңбек ардагерлері бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы отандық ғылымды дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық қызметтегі аса үздік еңбегі үшін Президент жанындағы Қазақстан Республикасы

Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті А.Жұмаділдаевқа, елдің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін Алматы қаласы №4 арнайы мектеп-интернатының

мұғалімі Г.Нүрпейісоваға, Орал қаласы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мұғалімі Э.Траисоваға және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін Қарағанды облысы «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Г.Прокопқа берілді. «Отан» орденімен Кардиохирургия және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығының директоры С.Жошыбаев пен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Оразалин марапатталды.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Отандық ғылымды дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық қызметтегі аса үздік еңбегі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын: Жұмаділдаев Асқар – «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» КеАҚ вице-президенті.

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын: Нүрпейісова Гүлжанар – «№4 арнайы мектеп-интернат» КММ мұғалімі, Алматы қаласы Траисова Эльмара – «Асан Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназия» КММ мұғалімі, Орал қаласы.

3. Өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз тапсырылсын: Прокоп Георгий – «Шахтерское» ЖШС директоры, Георгиевич – Қарағанды облысы.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 22 қазан
№ 685

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы 2024 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы

Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ұсынымына қарап, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы 2024 жылғы мемлекеттік сыйлығы:

- Нұржан Светқалиға, ақын – «Көкірегім көне кітап» жыр кітабы үшін;
- Ергөбек Құлбек Сәрсенұлына, жазушы – «Адамның бір қызығы бала деген» кітабы үшін;
- Бапанов Әлібай Қалтайұлы мен Бапанова Сәуле Сыздыққызына, авторлық ұжымға – «Көшпенді фрескалар» киізден бастырылған паннолары топтамасы мен «Әлем өрнектері» гобелендер топтамасы үшін;
- Мүсәпір Жанұзақ Керімбекұлына, суретші – «Балалықтан даналыққа жол» топтамалар жинағы үшін берілісін.

2. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 22 қазан
№ 683

Астана экономикасында оң динамика байқалады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.

Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде есеп берілді. Жеңіс Қасымбек қаланың барлық экономикалық көрсеткіші бойынша оң динамика байқалатынын айтты. Биылғы 9 айда тартылған инвестиция көлемі 1 трлн 140 млрд теңгені құрады. Бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға жоғары.

Мемлекет басшысына жылыту маусымы жөнінде бағандалды. Былтыр «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу стансасын, «Тұран» газ жылу стансасы мен үшінші жылу электр



орталығының бірінші кезеңдерін пайдалануға беру нәтижесінде қалада жылу қуаты алғаш рет артығымен өндіріле бастады. Аталған нысандар Астананы 1 100 Гкал/сағаттан аса жылу қуатымен қамтамасыз етті. Жыл соңына дейін «Тұран» газ жылу стансасының екінші кезеңін аяқтау жоспарланып отыр. Сол кезде шаһарға қосымша 250 Гкал/сағат жылу беріледі. Бұған қоса Жеңіс Қасымбек

қазір жалпы қуаты 970 Гкал/сағат болатын «Тельман» газ жылу стансасын салу және «Оңтүстік-Батыс» газ жылу стансасын жобалау жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Президентке әлеуметтік нысандар (мектеп, қолжетімді баспана, медициналық мекемелер) салу, құрылысы ұзаққа созылаған тұрғын үйлерді аяқтау, тозығы жеткен апатты үйлерді бұзу

жөнінде айтылды. Мысалы, Астанада жаңа оқу жылына жоспарланған 24 мектептің 15-і пайдалануға берілді. Оның ішінде 9 білім ошағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. Жаңа жылға дейін 4,5 мыңға жуық орынды қамтамасыз ететін 6 студенттік жатақхана салу жоспарланған еді. Бүгінде оның төртеуіне студенттер орналасқан.

Қала әкімінің айтуынша, елордада 170-ке тарта аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылып, 70-тен аса көше жөндеуден өткен. Сондай-ақ миллион түп ағаш пен жасыл желек егу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Президент елорданы одан әрі дамыту, көлік инфрақұрылымын нығайту және көріктендіру бойынша бірқатар тапсырма берді.

Әлеуметтік мемлекеттің басты қағидаты



Ата заңымыздың 1-бабында еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені жазылған. Әлеуметтік мемлекет қашанда қазынасындағы байлығын халқының тұрмысына, біліміне, денсаулығына жақсаруына жұмсайды.

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Кез келген елдің әлеуеті әлеуметінің ахуалынан байқалады. 90-жылдардың елең-алаң шағындағы көлденең киліккен

экономикалық кедергіні ел болып еңсердік. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен шақ пен қазіргі кезді, әрине, шендестіре алмайсыз. Мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік сала мамандарының еңбекақысына

айлап қол жеткізе алмаған кезеңді еске алсаңыз – ертегі іспетті. Бүгінде халықтың әлеуметтік мәселесі оңынан шешіліп келеді. Дегенмен қордаланған түйткілді мәселелер әлі де бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру бәріміздің ортақ міндетіміз екенін атап өтті.

5 >

КЕШЕ КЕШКІСІН...
Ұлттық спорт университеті ашылады
Елордада Ұлттық спорт университеті құрылысының екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде университет ғимараты, конференция залы, әкімшілік блок, дәріс залдары, ғылыми-зерттеу орталығы бар кітапхана, асхана салынады. Сонымен қатар студенттерге арналған жатақхана, профессор-оқытушылар құрамына арналған тұрғын үй және медициналық-оңалту орталығы бой көтереді. Колледжде бір уақытта 500-ден астам, ал жоғары оқу орнында 2 мыңнан аса бакалавр, 60 магистрант және докторант оқи алады.

БҮГІН БАСЫЛЫМДА
Шетелдік банктерге шектеу азаяды
Елімізде шетелдік банктерді ашу жөніндегі талаптарды ырықтандыруға бағытталған түзетулерді енгізу жоспарланып отыр. Яғни шетелдік банкті ашуға рұқсат алуға қажетті құжаттар тізбесі қысқартылмақ. Құжаттар саны шетелдік бас компанияның рейтингіне байланысты болады.

ЕРТЕҢ – «ЕГЕМЕНДЕ»
Зауыт жұмысының тоқтауы жанармай тапшылығын тудырма ма?
Атырау мұнай өңдеу зауытында жоспарланған алдын алу жұмысы басталғалы жарты айдан асты. Бұл жұмысқа 2 мыңнан астам жұмысшы мен 70 арнайы техника тартылып отыр. Жоспарланған алдын алу жұмысы өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнама талаптарына және Энергетика министрлігі бекіткен кестеге сәйкес іске асырылып жатыр.